

№2 хаттамасы

Қараша 2024 ж
мүшелері.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Қамқоршылық кеңес

Күн тәртібінде:

1. Тамақтандыру сапасын бақылау. Балабақша асханасының мәзірін, азық – түлік сапасын және сақтау мерзімдерін тексеру.
2. Ата – аналар мен балабақша арасындағы байланысты арттыру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Самашев балабақшадағы балалардың тамақтану сапасын тексеру мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшелері асхана жұмысына мониторинг жүргізді, деді.

Тексеріс кезінде анықталғаны:

Мәзір: Бекітілген 10 күндік перспективалық мәзір мен күнделікті ас мәзірі сәйкес келеді.

Тағамдардың калориясы бала жасына лайықталған.

Азық – түлік сапасы: Балабақшаға әкелінетін өнімдердің барлық қажетті сертификаттары мен құжаттары бар. Көкөністер мен сүт өнімдері таза, балғын.

Сақтау мерзімдері:

Тоңазытқыштағы азық – түліктердің сақтау мерзімдері стандартқа сай. Мерзімі өткен өнімдер анықталған жоқ. Тауарлық көршілестік ережелері сақталған.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Шоферова Ж балалардың тағамды сүйсеніп жейтінін атап өтті.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі сөз алып, баланың дұрыс дамуы мен бейімделуі үшін балабақша мен отбасы арасындағы тығыз байланыстың маңызы зор, деді. Осы оқу жылында ата – аналарды балабақша өміріне белсенді тарту жоспарланып отыр, деді меңгеруші. Меңгеруші өз сөзінде байланысты нығайту үшін тоқсан сайын «ашық есік күндері» ұйымдастырылатынын, бірлескен спорттық іс – шаралар өткізілетінін айтып өтті.

Қаулы:

1. Балабақшадағы тамақтандыру сапасы, азық – түліктің сақталу деңгейі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Ата – аналардың ұсынысы бойынша мәзірдегі дәрумендер теңгерімі қадағалансын.
3. Тәрбиешілер ата – аналардың шараларға қатысу белсенділігін арттыруды қамтамасыз етсін.

Төрайымы:
Хатшы:

Шоферова Ж.
Шаниева С.